

Исх. № 12-03/07-1435 от 26.02.2025

**«Көлік және логистика» тақырыбындағы Үкімет жанындағы
Отандық кәсіпкерлер кеңесі отырысының хаттамасы**

Астана қ.

№

20 ақпан 2025 жыл

Төрағалық етті:

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі О.А. Бектенов

Қатысты:

(тізім бойынша)

1. Теміржол көлігі саласындағы бизнес мәселелері туралы

(Қадіров, Скляр, Қалиакпаров, Ахметжанов, Омаров)

1. «Конкурент-Б» ЖШС-нің бас директоры Б.Р. Қадіровтың теміржол көлігі саласындағы бизнес мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Көлік министрлігі мен «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Әділет, Ұлттық экономика министрліктерімен және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, Инвестициялар тарту кеңесінің (Инвестициялық штаб) отырысында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіре отырып, өңірлердің көліктік байланысын арттыру мақсатында теміржол учаскелерін салу және пайдалану үшін жеке инвестицияларды тарту мәселесін қарастырсын;

2) Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен (келісу бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісу бойынша), Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен **2025 жылғы 10 наурызға дейін:**

- ішкі нарық пен қайта өңдеушілер үшін теміржол көлігімен жүк тасымалдаудың басымдығын енгізуді көздейтін, сондай-ақ жүк тасымалы жоспарларын келісу кезектілігін ескере отырып, жүк тасымалы қағидалары мен магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларына өзгерістер енгізу;

- ішкі және экспорттық жүктерді жеткізу мерзімдерін қысқарту мақсатында станциялар мен шекаралық өткелдердің жұмысын оңтайландыру мәселелерін пысықтасын.

2. Автомобиль көлігі саласындағы бизнес мәселелері туралы

(Сақтағанов, Садырбаев, Берқалиев, Қалиақпаров, Тақиев, Шарлапаев, Рахметуллин)

1. Халықаралық автомобиль тасымалдаушылары одағының президенті М.А. Сақтағановтың, «Victory trans» ЖШС-нің директоры Қ.Х. Садырбаевтың, «Қазақстанның автомобиль конвенті» ЗТБ президенті,

«ТТС» ЖШС-нің директоры М. Б.Беркалиевтің автомобиль көлігі саласындағы бизнес мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Көлік министрлігі мен «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) **а.ж. 5 наурызға дейінгі мерзімде** шығу мерзімдерін ұзарту және шетелдік рұқсат бланктерін біркелкі бөлу бөлігінде ҚР халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына өзгерістер енгізу жөніндегі бұйрық жобасын әзірлеу;

2) Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, шетел мемлекеттерімен рұқсат бланктерімен тұрақты алмасу қажеттілігін қамтамасыз ету, жүргізуші визаларының Еуропалық Одақ елдеріне кіру мерзімін ұзарту, сондай-ақ қазақстандық компаниялардың Беларусь-Польша шекарасындағы логистикалық орталықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу;

3) Өндіріс және құрылыс, Сауда және интеграция, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктерімен, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен (келісу бойынша) бірлесіп:

- халықаралық тасымалдарға арналған седельді тартқыштарды (прицептер мен жартылай тіркемелерді) тек ЕЭК Кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №130 шешімімен бекітілген Өнімдерді әкелу тәртібінің 10-тармағының б) тармақшасына сәйкес көлік құралының түрін мақұлдау (КҚТМ) негізінде әкелуге рұқсат беру;

- 2025 жылғы 20 ақпан жағдайы бойынша уақытша сақтау қоймаларында тұрған және декларанттары ҚҚТМ-де көрсетілмеген тұлғалар болып табылатын халықаралық тасымалдарға арналған седельді тартқыштар (прицептер мен жартылай тіркемелер) бойынша кедендік рәсімдеу мәселесін реттеуге қатысты ымыралы шешім әзірлеу;

- мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялар, саябақты жаңарту, маршруттар) алу бөлігінде жолаушылар тасымалының тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу арқылы халықаралық құқық пен тәжірибені ескере отырып, қазақстандық көлік құралдары паркінің ұзақ мерзімді жаңартылуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу;

4) Бас прокуратурамен (келісу бойынша) және Әділет министрлігімен бірлесіп, үшінші тұлғаларға шетелдік рұқсат бланкілерін беру (сату) фактілерін анықтау және олардың жолын кесу, соның ішінде көлік (тасымал) құжаттарын түзету және қолдан жасау үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша Жол картасын қабылдау;

5) тауарларды жеткізу орындарында рұқсат бланкілерін тексеруге мемлекеттік кіріс органдарына өкілеттік беру бөлігінде заңнамалық түзетулер қабылдау, сондай-ақ шетелдік рұқсаттарды қайтармағаны және жоғалтқаны, сол сияқты оларды түзетулермен қайтарғаны үшін жауапкершілікті енгізу;

6) ЕАЭО-ның ішкі шекараларына іргелес барлық автожолдарды тиісті жылжымалы бекеттер арқылы көліктік бақылаумен толық қамтуды қамтамасыз ету;

7) **2025 жылғы 1 шілдеге** дейінгі мерзімде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Қаржы министрліктерімен бірлесіп, халықаралық тасымалдаушы көлік құралдарын бақылау мақсатында ақпараттық жүйелердің («Кеден», «ҚДБ АТЖ» және басқа да жүйелер) интеграциясын аяқтау;

8) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жол жүру ақысының кезең-кезеңімен ұлғаюын қайта қарау, әлеуметтік маңызы бар маршруттар бойынша тасымалдаушыларды субсидиялау, сондай-ақ алдағы 3-5 жылға арналған автобустық тасымалдарды дамыту жөніндегі Кешенді жоспарды бекіту мәселелерін пысықтасын.

3. Азаматтық авиация саласындағы бизнес мәселелері туралы

(Оспанов, Қалиақпаров, Омаров, Сәтқалиев)

1. «Сары-Арқа» халықаралық әуежайы» АҚ-ның бас директоры Е.М. Оспановтың азаматтық авиация саласындағы бизнес мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Көлік министрлігі мен «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен (келісу бойынша) Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, әуежайлардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, инвестициялар тартуға және инфрақұрылымды жаңғырту мақсатында «Табиғи монополиялар туралы» Заңның 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасын және Кәсіпкерлік кодексінің 124-5-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын алып тастау арқылы әуежай тарифтерін мемлекеттік бағалық реттеу;

2) Қазақстанда пайдалану үшін 25 жылдан асқан жүк ұшақтарын тіркеу мәселесін қарастыру және ұсыныстар енгізу мәселелерін пысықтасын.

3. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (келісу бойынша) Энергетика, Көлік, Ұлттық экономика министрліктерімен және «Атамекен» ҰКП-мен (келісу бойынша) бірлесіп, әуе компаниялары мен әуежайлардың қатысуымен авиаотынның қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша кеңес өткізсін.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау құзырет бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларына жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

О. Бектенов

Тізім:

1. Көлікмині
2. ҰЭМ
3. Қаржымині
4. ӨҚМ
5. Әділетмині
6. ЭМ
7. СИМ
8. СІМ
9. ІІМ
10. СРИМ
11. ЭТРМ
12. ЦДИАӨМ
13. АШМ
14. БҚДА (келісім бойынша)
15. БП (келісім бойынша)
16. ҰҚК (келісім бойынша)
17. «Бәйтерек» ҰБХ (келісім бойынша)
18. «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ (келісім бойынша)
19. «ҚТЖ» ҰК" АҚ (келісім бойынша)
20. «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
21. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)
22. Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдіктері.

Подпись канцелярии

26.02.2025 20:27 КАРЖАУОВА ЗЕРЕ

Подпись руководителя

26.02.2025 19:17 БЕКТЕНОВ ОЛЖАС

